

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «41 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектеп-лицейге қабылдау тәртібін айқындау мақсатында мектептің педагогикалық КЕҢЕСІ мектепке 2024-2025 оқу жылына оқушылар қабылдау ережесін (ары қарай Ереже) бекітеді.

(2024 жылғы 29 наурыздағы №4 Педагогикалық кеңес шешімімен)

МЕКТЕПКЕ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУШЫЛАР ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1. 2024-2025 оқу жылына лицей сыныптарға қабылдау 5, 7 сыныптарға жүргізіледі.
2. 2024-2025 оқу жылына лицей сыныптарына оқушыларды қабылдау конкурстық негізде, сәйкесінше 4, 6 және 9-сыныптарды оқып аяқтаған оқушылар арасында жүргізіледі.
3. 2024-2025 оқу жылына 41-мектеп-лицейі оқушыларын бағдарлы сыныптарға бөлу б-сынып оқушылары үшін жүргізіледі. Бағдарлы сыныпқа бөлу оқушының ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші негізінде жүзеге асырылады
4. Конкурсқа құжат қабылдау оқушының ата-анасының немесе заңды өкілінің Қабылдау комиссиясына жазылған өтініші негізінде жүргізіледі
5. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі анықталады.
6. Конкурсқа қатысу үшін қажетті талаптар анықталады.
7. Конкурс өткізудің кестесі бекітіледі және әрбір жоспарланған жұмыс қатаң түрде осы кесте бойынша жүргізіледі.
8. Конкурс бейіндік және негізгі пәндерден емтихан алу арқылы ұйымдастырылады.
9. Оқушылар қабылдау мақсатында конкурс ұйымдастыру үшін **Қабылдау комиссиясы** құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы мектеп директоры болып табылады.
10. Қабылдау емтихандарын өткізу үшін және емтихан жұмыстарын бағалаудағы даулы мәселелерді шешу үшін мектеп мұғалімдері арасынан жұмыс топтары құрылады.
11. Конкурсқа құжаттарды қабылдаудан бас тарту болып табылатын себептер:
 - 1) конкурстық іріктеуге қатысуға белгіленген мерзімнен кейін өтініш білдіру;
 - 2) конкурсқа қатысу үшін қажетті талаптардың орындалмауы;
 - 3) конкурсқа қатысу үшін анықталған қажетті құжаттар толық болмауы.
12. Мектепке оқушылар қабылдау туралы ақпарат жұртшылыққа Конкурс өткізілместен бұрын хабарланады.
13. Хабарландыру және қабылдау Ережесі ағымдағы жылдың сәуір айының бірінші онкүндігінде мектеп-лицейі сайтына (<http://41-mektep.edu.kz/>), әлеуметтік желілердегі мектеп-лицейінің парақшаларына және мектеп дәлізіндегі электронды ақпарат тақтасына шығарылады.

II. Лицей сыныптарына қабылдау үшін конкурс өткізу

1. 5-сыныптарға оқушылар қабылдау үшін жүргізілетін конкурсқа қала мектептерінің **4-сыныпты «үздік» және «оқу екпіндісі» үлгерімімен оқып аяқтаған оқушылар** қатыса алады.

Конкурс өтетін мерзім: 2024 жылдың 16 мамыры мен 20 мамыр аралығы.

Емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

- a. Оқу сауаттылығы, жазбаша түрде.
- b. Математика және логика, жазбаша түрде.

Емтихан ұзақтығы: жалпы 80 минут.

Лицей сыныбына қабылдану үшін , математика және логикадан кем дегенде 5 балл жинау қажет

2. Бағдарлы (физика-математика және жаратылыстану бағыты) 7-сыныптарға оқушылар қабылдау үшін жүргізілетін конкурс жасақталған 7-сыныптардағы бос орындарға ғана жүргізіледі. Оған **6-сыныпты «оқу екпіндісі» үлгерімімен оқып аяқтаған оқушылар** қатыса алады. Басқа мектептерде 6 сыныпты **«үздік» үлгерімімен оқып аяқтаған оқушылар** конкурстан тыс қабылданады.

Конкурс өтетін мерзім: 2024 жылдың 15 - 20 тамызы аралығы.

Физика-математика бағытына емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

- I. Оқу сауаттылығы, жазбаша түрде
- II. Математика және логика, жазбаша түрде
- III. Математика, жазбаша түрде.

Емтихан ұзақтығы: жалпы 105 минут.

Жаратылыстану бағытына емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

- I. Оқу сауаттылығы, жазбаша түрде
- II. Математика және логика, жазбаша түрде
- III. Жаратылыстану, жазбаша түрде.

Емтихан ұзақтығы: жалпы 90 минут.

3. Бағдарлы 10-сыныптарға (**химия-биология бағыты, физика-география бағыты**) оқушылар қабылдау үшін жүргізілетін конкурсқа №41 мектеп-лицейінің оқушылары және **басқа мектептерде 9-сыныпты «оқу екпіндісі» үлгерімімен оқып аяқтаған оқушылар** қатыса алады. 9 сыныпты «**Үздік аттестатпен**» оқып аяқтаған және **№41 мектеп-лицейді «оқу екпіндісі»** үлгерімімен аяқтаған оқушылар конкурстан тыс қабылданады.

Конкурс өтетін мерзім: 2024 жылдың 17-21 маусым аралығы.

Физика-география бағытына емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

- I. Физика, жазбаша түрде
- II. География, жазбаша түрде
- III. Математика, жазбаша түрде.
- IV. Қазақстан тарихы, жазбаша түрде.

Емтихан ұзақтығы: жалпы 150 минут.

Химия-биология бағытына емтихан тапсырылатын пәндер және өту форматы:

- V. Химия, жазбаша түрде
- VI. Биология, жазбаша түрде
- VII. Математикалық сауаттылық, жазбаша түрде.
- VIII. Қазақстан тарихы, жазбаша түрде.

Емтихан ұзақтығы: жалпы 120 минут.

4. Емтихан өткізу тәртібі:

4.1. Жазба жұмыстарын орындау және ауызша жауап беруге дайындалу үшін үміткерлерге мектептің бұрыштама мөртабаны басылған қағазы беріледі. Жұмысты орындаған үміткерлер оны шимай қағазымен бірге емтихан кезіндегі кезекшілерге тапсырады.

4.2. Берілген уақытта аяқтай алмаған үміткерлер жұмысты аяқталмаған күйде тапсырады.

4.3. Емтиханын өткізу кезеңінде үміткерге емтихан басталғаннан кейін 30 минуттан кейін сыныптан 5 минутқа шығуға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда ол жұмысын емтихан алушы кезекші мұғалімге тапсырады, емтихан жұмысында үміткердің емтиханнан шығу ұзақтығы көрсетіліп жазылады.

4.4. Емтихан материалдарын таратуға, аудиторияда тәртіп ережелерін түсіндіруге

бөлінген уақыт белгіленген уақытқа кірмейді.

4.5. Емтихан кезінде байланыс құралдарын (ұялы телефон, планшет, т.б.), электронды есептеу құралдарын (калькулятор, басқа да есептеу құралдары) қолдануға болмайды.

4.6. Химия пәнінен емтихан кезінде Менделеев кестесі мен қышқылдардың, тұздардың және негіздердің суда ерігіштігі кестесін қолдануға рұқсат етіледі.

4.7. Емтихан кезінде тәртіп бұзған талапкерге акт толтырылып, емтиханнан шеттетіледі.

III. Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі

1. 5(7)-сыныпқа қабылдау үшін Конкурса қатысуға қажетті құжаттар тізбесі:

- 1.1. Берілген үлгідегі ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші
- 1.2. Оқушының 4(6)-сыныптағы сабақ үлгерімі туралы табелінің көшірмесі.
- 1.3. Оқушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (ЖСН бірге)

2. Бағдарлы 10-сыныптарға қабылдау үшін Конкурса қатысуға қажетті құжаттар тізбесі:

- 2.1. Берілген үлгідегі ата-анасының немесе заңды өкілінің өтініші
- 2.2. Оқушының негізгі мектепті бітіргендігі туралы аттестатының көшірмесі
- 2.3. Оқушының туу туралы куәлігінің көшірмесі (ЖСН бірге)
- 2.4. Бар болса қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының грамоталарының көшірмесі.

Конкурса тапсырылған үміткердің құжаттары кері қайтарылмайды.

IV. Емтихан қорытындысын қайта қарау тәртібі

1. Мектепке оқуға түсетін үміткерлердің құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, үміткерлерді іріктеудің бірыңғай талаптарын сақтау және конкурс өткізу кезеңінде тапсырмаларды бағалауда даулы мәселелерді шешу мақсатында апелляциялық комиссия жұмыстанады.

2. Үміткердің конкурс тапсырмаларын бағалау нәтижесімен келіспеген жағдайда, нәтижелер жарияланғаннан кейін бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес апелляциялық комиссияға жолығуға құқығы бар.

3. Апелляцияға өтініш үміткердің бағасының төмендеуіне әкелген конкурс шараларының бұзылғандығы немесе оның ойынша, конкурс тапсырмалары үшін қойылған бағаның қате екендігін көрсеткен жағдайда жасалады.

4. Апелляцияда қаралмайтын мәселелер:

- 1) конкурс тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы;
- 2) үміткердің нәтижесінің төмендігі конкурс тапсырмаларын орындау кезіндегі белгіленген тәртіп ережелерін бұзғандығымен байланысты болса.

5. Апелляцияны қарастыру барысында конкурс тапсырмаларының дұрыс бағалануы тексеріледі. Емтихандарды қайта тапсыруға жол берілмейді.

6. Апелляциялық комиссия конкурс тапсырмаларының нәтижелерін сол қалпында қалдыруға немесе конкурс тапсырмаларын бағалау нәтижелеріне өзгеріс енгізуге шешім қабылдайды. Осыған байланысты үміткерге балл қосқаны туралы конкурс комиссиясына ұсыныс енгізеді және апелляция қорытындылары туралы апелляцияға берген тұлғаларды ақпараттандырады.

V. Қабылдау тәртібі.

1. Қабылдау комиссиясы емтихандардың қорытындысы бойынша үміткерлерді мектепке қабылдауға хаттамалық шешім шығарады. Осы шешім негізінде оқушылар "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 264 бұйрығы негізінде маусым-тамыз айларында мектепке қабылданады.

2. Жасақталатын сыныптың толымдылығын және қабылдау критерийлерін анықтау Қабылдау комиссиясының күзиретінде.

3. Қабылдау кезінде қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының жеңімпаздарына басымдықтар беріледі.

4. Мектепке қабылданатын үміткерлер тізімі конкурс комиссиясының хаттамаға қол қойған күнінен бастап, жұмыс жоспарына сай мектеп-лицейдің сайтында жарияланады.

VI. Қорытынды Ережелер

1. Конкурстық іріктеуден өтіп, оқуға қабылданатын үміткерлердің ата-аналары үшін мектеп әкімшілігі қатысуымен жиналыс өткізіледі. Жиналыста мектептің ішкі тәртібі таныстырылады.

2. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасы және бекітілген ішкі құқықтық актілеріне сәйкес жұмыс органымен шешіледі.